

Демалыс күндерін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 тамыз N 1060

Еңбекшілердің демалуына қолайлы жағдай жасау және 2001 жылдың тамыз-қыркүйек-қазан айларындағы жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мына демалыс күндері: 2001 жылғы 2 қыркүйек - жексенбі күнінен 31-

тамыз - жұма күніне және 28 қазан - жексенбі күнінен 26 қазан - жұма күніне ауыстырылсын.

2. Қажетті өнімдерді шығару үшін, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ комитеттерімен келісім бойынша жұмысын 2001 жылғы 31 тамызда және 26 қазанда жүргізу құқығы берілсін.

Көрсетілген күндердегі жұмыс қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес өтеледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.